Цифрлық технологиялар шығармашылық қабілеттерге де әсер етеді. Олар жаңа идеяларды іздеу, жобалау және инновация жасау үдерістерін жеңілдетіп, шығармашылықты жаңа деңгейге көтереді. Сонымен қатар, олар дәстүрлі шығармашылық тәсілдерден айырмашылығы бар жаңа әдістерді ұсынады.

- Құралдардың көптүрлілігі: Жасанды интеллект, сандық сурет салу бағдарламалары, 3D басып шығару, видеомонтаж және басқа да цифрлық құралдар шығармашылық жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді. Бұл шығармашылық үдеріске жаңа көзқарас пен

жаңа мүмкіндіктер ұсынады, өйткені олар дәстүрлі құралдармен мүмкін болмаған жұмысты орындауға мүмкіндік береді.

- Шығармашылықтың қолжетімділігі: Цифрлық технологиялар шығармашылықты кең аудиторияға қолжетімді етеді. Мысалы, интернет арқылы кез келген адам өз өнер туындыларын бөлісіп, бүкіл әлемге танытуы мүмкін. Бұл шығармашылық жұмысқа деген қызығушылықты арттырып, түрлі мәдениеттер мен көзқарастардың алмасуына ықпал етеді.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамнан жаңа дағдыларды меңгеруді талап етеді. Цифрлық сауаттылық, яғни цифрлық құралдарды тиімді әрі қауіпсіз пайдалану қабілеті қазіргі қоғамда маңызды факторға айналды. Цифрлық технологиялардың білім беру саласындағы ықпалы тек оқыту үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктер ашуда. Олар білім алушылардағы ақпаратты жылдам алу, оны талдау және синтездеу қабілетін арттырады. Сонымен қатар, жасанды интеллект жүйелері білім алушыларға жеке тұлғалық қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын ұсыну арқылы оқу үдерісін жеке дараландырады. Бұл өзгерістер болашақта білім алушылардың дамуына жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер туғызып, олардың танымдық

қабілеттерін одан әрі дамытуға ықпал етеді [7].

Сынаптай сырғыған уақыт пен заман талаптарына сай туындаған жасанды интеллект пен сандық технологиялардың қоғамдағы қажеттіліктері жайындағы ой-мақтай ойды қорытындылар болсақ, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект білім беру саласында ойлау мен білім алу үдерісін өзгертіп, жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл даму болашақта білім алушылардың танымдық үдерістерінің жетілуіне және олардың шығармашылық әлеуетінің артуына ықпал етеді.

Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар адамның танымдық үдерістеріне, соның ішінде тілдік рефлексияға елеулі әсер етеді. ЖИ негізіндегі тілдік модельдер ойлау жүйесін ұйымдастыруға және ақпаратты қабылдау мен өңдеу әдістерін өзгертуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық құралдар адамның тілдік санасын дамытуға және сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді. Дегенмен, бұл технологияларды тиімді пайдалану үшін адам мен ЖИ арасындағы өзара әрекеттесудің шекараларын дұрыс анықтап, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту маңызды. Жасанды интеллекттің тілдік рефлексияға әсерін тереңірек зерттеу болашақта танымдық үдерістерді одан әрі жетілдіруге үлкен жол ашады.

---

### Пайдаланылған әдебиеттер

- Робертс, К. (2010). Языковая рефлексия и цифровые технологии: философские аспекты. Издательство «Наука».
- Минский, М. (1986). Artificial Intelligence. Cambridge, MA: MIT Press.
- Серл, Дж. (1980). Minds, brains, and programs. Behavioral and Brain Sciences, 3(3), 417–424.
- Маковиц, Л. (2017). Искусственный интеллект и социальные изменения: будущее или утопия? Издательство «Мир».
- Платон, П. (2018). Искусственный интеллект: от теории к практике. Речь.
- Киркпатрик, Д. (2021). Искусственный интеллект и будущее человечества. Миф.
- Соммер, В. (2006). Основы искусственного интеллекта и когнитивных наук. Издательство «Наука»

## ӘЙЕЛ – АНА – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

**Тірек сөздер:** білім беру саласындағы реформалар; ұстаз мәртебесі және олардың қоғамдағы ролі; цифрландыру және инновациялық технологиялар; ұлттық тәрбие және құндылықтар.



**Миразова Аягүл Төреқызы**

Тұңғыш Қазақстанның Еңбек Ері,  
«Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері,  
Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер,  
Алматы қаласының Құрметті азаматы,  
Жамбыл облысының Құрметті азаматы

Қазақстан жаңа дәуірде жаңа қоғам құрып жатқан кезеңдерінде әлемдік өркениетпен үйлесімде қарқынды дамуда. Әлем таныған мерейінде ел қуаттылығы мен тұрмыс сапасын көтеруге бағытталған әлеуметтік мүддедегі саяси-экономикалық реформалар нәтижелі жүргізілуде. Бұның өзі Қазақстанның жаңа болмысын қалыптастыруға, тұтас ұлт сапасын арттыруға қызмет етуде. Бұл

игі істер 21 ғасырдағы өмір салтына айналып жатқан жаппай цифрландыру аясында өрбуде. Жаппай цифрландыру теледидар көру мен ұялы телефондарды пайдаланудан бастап, қоғам өмірінің барлық салаларын қамтуда. Цифрлық технология біздің экономикамызды, білім мен ғылымды, медицинаны, яғни жалпы қоғамды түбегейлі өзгертіп, қайта құру мүмкіндігін арттырды. Осы аса ауқымды қоғамдық құбылыс әлемін әрбір қазақстандық білуге, түсінуге, пайдалана алуға тиіс. Қоғам дамуы мен рухани жаңғырудың негізі – осы. Міне, бұл айтылғандардың барлығы қазіргі және ертеңгі Қазақстанның даму сипаты. Ол мемлекет пен халық мүддесінің біртұтастығының жүзеге асып жатқанының көрінісі. Осылайша экономиканы, ұлт болмысы сапасын көтеру – қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі болып табылады. Қазіргі Қазақстан жетістіктері қандай деген сауалға негізгі жауап болып отырған ұлы үрдіс – осы.

Бұл негіздер саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуымыздың сипаты екенін мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев түрлі форумдарда еске салып келеді. Сондай ақ ел Президенті ұлт болмысы сапасын арттыратын міндеттердің ішінде білім беруді алдыңғы қатарға қойып, мемлекеттік білім са-

ясатында да осынау жаңа қағидаттарға орын берілетінін көрсетті, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек,» - дегеніндей, осыған орай бұл жоғарыда аталған барлық мақсат – міндеттер білімді дамытудың барлық салалары мен сатыларында толық қамтылып отырғанын олардың 2024 жылғы жай – күйі мен 2025 жылға бағытталуынан айқын көреміз, Бұл орайда «Жайлы мектеп» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 217 жаңа нұсқадағы мектеп ғимараттары салынды. Республикада, өз тәжірибелерін сапалы да нәтижелі етіп екі жүзден астам тірек мектептері, Назарбаев зияткерлік мектептері және мамандырылған дарын мектептері табысты дәлелдеуде. Еліміздегі барлық мектеп интернет желісіне толықтай қосылып отыр, интеллектуалдық роботтар үлгілерімен жұмыс істеуге үйрету үрдістері кең жайылуда. Оқушыларды қосымша білім беру және, инновациялық шығармашылық орталықтардағы дамыту үйірмелері неғұрлым кеңірек тегін қамту жүзеге асырылуда. Мұндай кешенді ілгерілеулер арқасында Қазақстанның оқушылар командалары әлемдік білім кеңістегіндегі байқаулармен жарыстарда жүлделік орыннан түскен емес, мысалы, 2024 жылғы халықаралық Жәутіқов атындағы математикалық олимпиадада шәкәрттеріміз бірінші орын алып шықты. Жаңартылған оқу-тәрбие бағдарламалары, электрондық оқулықтар қолданысқа енуде. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мәліметі бойынша, мектеп оқулықтары түгелімен цифрландырылған. Сондай-ақ тұрмысы төмен көпбалалы отбасынан келетін балаларға әлеуметтік көмек берілуде, бастауыш сынып оқушыларына түгел ыстық тамақ ұйымдастырылған, ал инклюзивті білім беру 2024 жылы еліміздегі мектептердің 94 пайызында ұйымдастырылған.

2024 жылы, әрине, білім беруде ұлттық сапалар мен әлемдік тәжірибелердің интеграциясында мектептеріміз бен оны басқа-

ру жүйесінде басқадай да табыстылық абыроймен атқарылғаны белгілі. Солардың ішінде соңғы уақытта әлемдік білім кеңістегіне тікелей барып тәжірибелену ісі қолға алынған. Республикамыздың мектеп басшылары, пән мұғалімдері Финляндия, Оңтүстік Корея, Сингапур т. б. с. с. білім берулері жоғары дәрежедегі елдердің білім ошақтарында озық тәжірибелермен танысып келуде, сөйтіп оларды өзіміздің жағдайда қолдану жолында ізденістер жасалуда.

Жалпы орта білім беру – одан кейінгі дамудың тұғырлы негізі болғандықтан, аса жауапты іс. Оның нәтижелігіне отбасынан бастап, білім стандарттарын, оқулықтарды дайындайтын мекемелерге дейін мемлекеттік білім саясатының аясында қатысады. Сонымен қатар оқитындардың қабілет – қарымына да тәуелді. Міне, осындай өте күрделі жағдайдағы білім беру саласында соншалықты күрделі шешімін күтіп тұрған мәселелер аз емес болуы заңды да. Солай болса да, осы іскерлік, реалды бағыттарда олар бірте – бірте шешімін табады деген сенім бар.

Ұстаз, ана ретінде айтар тілегім, келген жылда еліміз аман, жұртымыз тыныш, әрбір отбасында қуаныш пен бақыт болсын. 2024 жылдың жақсылығы да, ел үшін қиын сәттері де болды. Бірақ, мың да бір шүкір, соның бәрі шешімін тауып, өз орнына келіп, жұртымыздың көңілі орнына түсті.

Өзім ұстаз болғандықтан, мені алаңдата-тын дүние – балалардың амандығы, олардың біліктілігі, отаншылдығы, патриоттық қасиеттерінің болуы және бұлар барынша іске асады деген ойдамын. Президент тарапынан бізге ерекше көңіл бөлінді, мәртебеміз өскендей, әрине, қуаныштымыз. Ұстаздардың мерейін барынша асқақтатуға, халық алдында рөлінің үлкен екенін білдіруге арналған іс-шаралар өте көп өтті. Ұстаз өңіріне ең жоғары мемлекеттік марапат тағылды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мұғалімнің мәртебесі қашан да

бәрінен биік. Ұлы тұлғалардың өзі ұстазының алдында шәкірт болып қала береді. Бір сөзбен айтсақ, барша жетістіктің бастауында ұстаз тұр. Ұлттың болашағы – ұстаздың қолында. Менің мақсатым – ұстазды қоғамымыздың басты кейіпкері ретінде дәріптеу» деп атап өткен еді.

Енді біз осы құрметке лайық болып, одан әрі жақсы істер атқарайық деймін. Атымызға дақ түсірмей, шәкірттердің алдында, бүкіл халқымыздың назарында қадір-қасиетімізбен ардақталуымыз керек.

Қазір қандай керемет мектептер салынып жатыр. Біз Кеңес үкіметі кезіндегі ұрпақпыз ғой. Сол кезде көргеніміз, білгеніміз, қолымыздың жеткені қандай еді, қазір қандай?! Міне, соларды салыстыра отырып, мыңда бір тәубе дейміз. Мемлекет басшысы: «Оқушыларды білімпаздыққа, отаншылдыққа, еңбекқорлыққа баулу қажет. Осыған байланысты нақты шаралар қабылданып жатыр» деп өзінің тікелей тапсырмасымен «Біртұтас тәрбие» атты арнайы бағдарлама

дайындалғанын да айтты биыл. Адам, әсіресе бала тәрбиесі ала-құлалықты көтермейді. Біртұтас ұлт болуымыз үшін балаға біртұтас тәрбие берілуі қажет-ақ. Еліміздің амандығы, бай-қуатты болуы, білімді ұрпақтарға толы болуы – барлығы әр азаматтың қолында, әрбіріміздің жауапкершілігімізде. Егер біз осының бәріне байыппен қарасақ, «мен елге не бердім?» деген сұраққа жауап беріп, міндетімізді білсек, оның өзі тамаша бір белес.

Қазақстанның жері мен елінің, тілінің, әдет-ғұрпының бай болуы – Құдайдың бізге деген ерекше махаббаты секілді. Осы байлықтың қасиетін біліп, сезінсек деймін.

Аналарға, өсіп келе жатқан қыздарға айтарым, қазақтың аналары барлық уақытта мықты, төзімді, білімді, білгір болған, жақын-жуықтарын аялап, ардақтаған. Оларға ұқсас болсаңдар, жаман болмайсыңдар. Сол тектіліктің сіздерден де бойларыңыздан әркез табылуын тілекшімін. Өйткені әйел-ана – ұлттың айнасы.

---

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы даму бағдарламалары (2024).
2. Тоқаев Қ. Жаңа дәуірдегі білім және мұғалімдер: Қазақстанның білім саясаты. - Алматы, 2024.
3. ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты, білім беру реформалары бойынша материалдар (2024).
4. Құнды ұлттық тәрбие – ел болашағының негізі. – Астана, 2024.
5. Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігіне жаңа көзқарас. «Ғылым Әйел Қоғам» журнал №4/2022ж.

# ЕРТЕГІЛЕР- ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

**Кыдырбаева Назым**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 3-курс докторанты

**Аңдатпа.** Ертегі адамзаттың әдебиет әлеміне жасаған алғашқы саяхаты. Ертегі – халық шығармашылығының маңызды түрі, халықтың өмірлік тәжірибесі мен құндылықтарын бейнелейтін ауызша әдебиет жанры. Олар ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырғандықтан, халықтың рухани және мәдени мұрасының сақталуына ықпал етті. Мақалада жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ертегілердің рөлі айқындалады. Ертегілер – тарих куәгері, ұлттық жәдігер. Ұрпақ тәрбиелеудегі ертегілердің маңызы мен ықпалы ғылыми негізде талқыланады.

**Тірек сөздер:** ертегі, ұлттық құндылықтар, ұрпақ тәрбиесі, жанр.

**Аннотация.** Сказка – это первое путешествие человечества в мир литературы. Сказка – важная форма народного творчества, жанр устной литературы, отражающий жизненный опыт и ценности людей. Поскольку они передавались устно из поколения в поколение, они способствовали сохранению духовного и культурного наследия народа. В статье определяется роль сказки в формировании национальных ценностей в эпоху глобализации. Сказки – свидетель истории, национальная реликвия. На научной основе обсуждается значение и влияние сказок в воспитании детей.

**Ключевые слова:** сказка, национальные ценности, воспитание поколений, жанр.

**Annotation.** A fairy tale is the first journey of humanity to the world of literature. A fairy tale is an important form of folk creativity, a genre of oral literature that reflects people's life experiences and values. Since they are handed down orally from generation to generation, they contributed to the preservation of the spiritual and cultural heritage of the people. The article defines the role of fairy tales in the formation of national values in the era of globalization. Fairy tales are a witness of history, a national relic. The importance and influence of fairy tales in raising children is discussed on a scientific basis.

**Key words:** fairy tale, national values, education of generations, genre.

Қазақ халқының рухани және мәдени мұрасының маңызды бөлігі саналатын ертегілер ежелден-ақ балалар мен ересектерді тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланылып келеді. Ертегілер халықтың өмір салтын, дүниетанымын, ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлерін насихаттайтын әдеби жанр ретінде ерекше маңызға ие. Қазақ отбасы моделінде ата мен әженің рөлі айрықша. Олар бала тәрбиесінде кілтсіз құлыпты ашқандай, ертегі айту арқылы балаларға тәрбие беріп, олардың дүниетанымын кеңейтіп,

өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал жасады. Ертегілердің халық өміріндегі рөлі және маңызы тереңде жатыр. Олар тек қиял мен ой-өрістің жемісі ғана емес, сонымен қатар өткен дәуірлердің тарихи, мәдени және адамгершілік құндылықтарының көрсеткіші болып табылады. Ертегілер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани қазына ретінде тек тәрбиелік мәнге ие болып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық ерекшелікті сақтап қалуда маңызды рөл атқарады. Ертегілер мен салт-дәстүрлер ұлттық бірегей-

лікті сақтау мен ұрпақтар сабақтастығында маңызды рөл атқарады. Олар ұлттық дүниетанымды, рухани құндылықтарды және тәрбиелік мәнді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді [1].

Ертегілердің пайда болуы және алғашқы формалары. Ертегілерде адамзаттың барлық дүние танымы мен тарихы жатыр. Алғашқы ертегілер алғашқы қауым адамдарының өз тәжірибесін әңгімелеу, оқиғаларды сипаттау, қызықты сәттерді әсірелеу арқылы пайда болған [2]. Бұл әңгімелер әсемделіп, көркемделіп, бірте-бірте ертегілерге айналды. Әңгімелеу барысында қызықты сәттерді әсірелеп, тыңдаушыларды еліктіре отырып жеткізу өнері алғашқы ертегілердің қалыптасуына ықпал етті. Ертегілер халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, дүниетанымы туралы мол мағлұмат береді. Олар қоғамның дамуы мен өзгерістеріне сәйкес өзгеріп, түрленіп отырған. Әрбір дәуірде ертегілер арқылы қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарына сәйкес ұлттық құндылықтар қалыптастырылып отырды [3].

Ертегілердегі ұлттық құндылықтар. Ертегілер арқылы халықтың мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлттық ерекшеліктері кеңінен насихатталады. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ертегілердің маңызды орны бар. Ертегілер арқылы ұрпақтар арасында ұлттық құндылықтардың берілуі қамтамасыз етілген. Олар тек ойын-сауық құралы емес, сонымен қатар балаларға және жасөспірімдерге өмірдің мәні, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік, батырлық пен қорқақтық, адалдық пен арамдық туралы мәлімет беретін тәрбиелік құрал болып табылады. Қазақ халқының дәстүрлі отбасы моделінде ата мен әже ертегілер арқылы ұлттық құндылықтарды жеткізуші рөлін атқарады. Олар балаларға ертегі айтып, сол арқылы ұлттық тәрбиені сіңіреді. Әрбір ертегінің астарында халықтың өмір сүру қағидалары мен құндылықтары жатыр.

Қазақ ертегілерінің мазмұны және тәрбиелік мәні. Қазақ ертегілері мазмұны

жағынан бай және әртүрлі болып келеді. Ертегілердің сюжеттері көбінесе жақсылық пен жамандықтың күресіне, адалдық пен әділдіктің жеңісіне негізделген. Бұл жанрдағы шығармаларда ұлттық батырлық, отансүйгіштік, ерлік, адамгершілік, ізгілік сияқты құндылықтар кеңінен насихатталады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде батырлық пен қаһармандықтың ерекше маңыздылығы көрсетіледі. Бұл ертегіде туған жерге деген сүйіспеншілік, батырлық пен ерліктің символы ретінде Ер Төстіктің бейнесі беріледі. Ертегінің сюжеттік желісінде Ер Төстіктің қиындықтарды жеңіп, әділдікке қол жеткізуі арқылы оның ерік-жігері, рухының күштілігі мен Отанға адалдығы насихатталады. Осы арқылы жас ұрпаққа ерлік, батырлық, әділдік, ар-намыс сияқты ұлттық құндылықтар дәріптеледі. Ертегілерде кейіпкерлердің түрлі қасиеттері арқылы балалардың мінез-құлқын қалыптастыруға үлкен ықпал жасалады [4].

«Алтын сақа» — қазақ халқының ауыз әдебиетінде кеңінен тараған ертегілердің бірі. Бұл ертегіде адалдық, әділдік, тапқырлық сияқты құндылықтар алға тартылады. Ертегі кейіпкері қойшы бала мен сақа арқылы қызықты оқиға өрбиді. Ертегіде қойшы бала ауыл балаларының арасында сақа ойнап жүреді. Бала алтын сақасын жоғалтып алады да, оны іздеуге шығады. Сақасын іздеу жолында түрлі қиындықтарға тап болады, алайда ол еш мойымай, қиындықтарды жеңе біледі. Оның ақылдылығы мен табандылығы арқасында, алтын сақасын қайта тауып алады. Бұл арқылы ертегіде адамның ақылды, тапқыр және табанды болғанда ғана қиындықтарды жеңе алатыны және жетістікке қол жеткізетіні көрсетіледі. «Алтын сақа» ертегісі арқылы балаларға еңбектің, адалдықтың, әділдіктің және қиындықтарды жеңе білу қабілетінің маңыздылығы үйретіледі. Ертегі қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын насихаттай отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу құралы ретінде қызмет етеді.

Қазақ ертегілері сондай-ақ халықтың өмір сүру салтынан туындаған дүниелерді көрсетіп, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді сақтауға, оларды келесі ұрпаққа жеткізуге үлкен үлес қосады. Ертегілерде әдетте батырлар, даналар, қарапайым адамдардың жеңістері, олардың адамгершілігі мен тапқырлығы суреттеліп, адамзаттың маңызды өмірлік қағидалары көрсетіледі. Олар арқылы балаларға ата-ананы құрметтеу, үлкенге ізет, кішіге қамқор болу, елге адалдық, Отанға сүйіспеншілік сияқты ұлттық құндылықтар жеткізіледі.

Ертегілердің қазіргі қоғамдағы рөлі. Бүгінгі таңда ертегілердің ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі одан әрі маңызды бола түсуде. Жаһандану процесі мәдениеттерді жақындастырып, араласу мен өзгерістер әкеліп жатқан кезде ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі өзекті болып отыр [5]. Ертегілер осы құндылықтарды сақтап қалуда және жаңа буынға жеткізуде маңызды құрал болып қала береді. Қазіргі заманда ертегілер тек кітаптар мен ауызекі әңгіме арқылы ғана емес, мультфильмдер, фильмдер, анимациялар сияқты түрлі медиалық құралдар арқылы да таралып отыр. Бұл ертегілердің бүгінгі балалардың санасына әсер ету мүмкіндіктерін кеңейтіп, тәрбиелік мәнін арттырады. Мысалы, қазақ ертегілерін анимациялық фильмдер арқылы бейімдеу ұлттық құндылықтарды балаларға жеткізудің тиімді жолдарының бірі болып

табылады. Ертегілер еш уақытта өзінің өзектілігін жоғалтпайды, себебі олар мәңгілік туынды [6].

Жаһандық аренада ұлттық жәдігерлерімізді сақтап, келешек ұрпақты ата жолмен тәрбиелеу маңызды. Ертегілерді кішкентайынан оқып, тыңдап өскен ұрпақ саналы түрде өмірлік үлгі болатын тұлғасының бейнесін сіңіреді. Рухани бай, жаны таза тұлға қалыптасады. Басқа елден келген ақпаратты сүзгіден өткізіп, жақсысын үйреніп, жаманынан жиреніп, бір сөзбен айтқанда жат елдің қаңсығына сұқтанбайды.

Қорыта келгенде, ертегілердің ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы маңызы орасан зор. Олар ұрпақтан-ұрпаққа рухани және мәдени мұра ретінде жеткізіліп, халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін сақтауда ерекше рөл атқарады. Ертегілердегі батырлық, әділдік, адалдық, адамгершілік, тапқырлық сияқты қасиеттер арқылы балалардың дүниетанымы мен мінез-құлқы қалыптасады. Сонымен қатар, ертегілер арқылы балалар ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіріп, өз халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға үйренеді. Қазақ халқының ертегілері ұлттық тәрбие беруде баға жетпес құрал болып қала береді. Олар тек өткеннің тәжірибесі ғана емес, болашаққа бағыт беретін рухани бағдаршам іспетті. Ертегілер арқылы біз өзіміздің мәдени мұрамызды сақтап, ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпаққа жеткізуді жалғастыра аламыз.

---

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрбеков Т, т.б., & Салқынбай, А.Б. (2024). Тұрмыс-салт ертегілердегі ұлттық дүниетаным көріністері. *Bulletin of toraighyrov university. Philology series.*
2. Қасқабасов, С.А. Таңдамалы, бірінші том. [текст] -астана: Foliant баспасы, 2014. -320 с.
3. Рақымжанова, С., Маликова, А., & Мақұлбеков, А. (2021). Дәстүрдің табиғи-тарихи қайнар көздері және сакральді мағынасы.
4. Sabirova, z., & sherkeshaeve, a. (2020). Балаларды шетел тілінде ерте оқытудың кейбір психологиялық аспектілері / some psychological aspects of early teaching of a foreign language to children. *Вестник.*
5. Абдыханова, Б., & Мейрамбекова, Л. (2021). Неміс халқы және оның базалық этноспецификалық концептілер жүйесі. *Bulletin of I.n. Gumilyov eurasian national university. Philology series.*
6. Harries, e.w. Twice upon a time woman writers and the history of the fairy tale. [text]. -princeton university press, 2001. -232 p.

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ!



**Тұрғанбаева Г.,**  
*ардагер ұстаз*

Қазіргідей жаһандануға бет бұрған кезеңде ұлттық ерекшелігімізге негіз болатын ұлттық құндылықтарымызды сақтау және ұрпақ тәрбиесіне мән беру аса маңызды. Бұл ғылым ретінде зерттеліп, зерделеніп, тамырын тереңге жібергеніне тарихи деректер дәлел бола алады. Шындығында, тәрбие мен құндылықтар тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. Халықтың ділі де осы негізде қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар мазмұнына халықтың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш пен салт-дәстүрлер

*«Арлы, ақылды адам қиянатты,  
зорлықты, өзімиілдікті,  
мақтануды білмейді және істемейді»*

### Шәкәрім Құдайбердіұлы

енеді. Ұлттық құндылықтар – қауіпсіздігі сақталған және дамыған қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның сұраныстарын қанағаттандырушы құбылыс және оның қасиеттері. Олай болса, жаһандану заманында қазақелінің дербес қалпын көрсететін тұлғалар тәрбиелеуіміздің қажеттігі айқындала түспек. Ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа ғана тән, сол ұлттың дүниетанымы мен тәрбиесіне, жаратылысы мен мінезіне негіз болатын қасиеттерді құраушы дүниелер деп тұжырымдай келе, елдік болмыс - ерекшелік, абырой, мақтаныш туғызатын, ұлттық мәдениет пен ұлттық мінездің іргетасы деген түбірлі ойға табан тірейміз. Адамзат тарихында құндылықты қалыптастыру ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ізгі қасиеттер мен сезім-ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық – белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген халық даналығы – осы сөзіміздің айғағы. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласы-

на халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақхалқының төл мәдениетін оқушылардың бойына сіңіру қажет. Бұл елдік рухты бекемдеп қана қоймай, болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін тәрбие кітабына айналар еді. Ал тәрбиенің тамыры тереңде, қайнар көзі - халық қазынасында, оның қадір-қасиеті мен бітім-болмысында. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді», - десе, Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін. Бірі – өзім, екіншісі – халқым», - дейді.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлағаттарын, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуде неге қолданбасқа? Халқымыз баланың жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөзді байсалды, ойлы, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесінен кешігу дегеніміз – мертігумен бірдей. Тәлім- тәрбие бала дүниеге келмей тұрып қалануға тиіс. Сондықтан барша ғұламаларымыздың, Абай хакімнің «Толық адам» тұжырымына сүйеніп, қатардағы пендені нағыз кемел тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Тұлға бойындағы патриоттық, отаншылдық сезімді оятудың тетігі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта мен мемлекет. Тәрбиенің көзі – ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек біз – соларды насихаттаушымыз.

Тіл – тілші мамандардың ғана шаруасы емес. Тілдің дамуын, тілге қатысты мәселенің бәрін филологтарға сілтеп қойып қарап отырмай, оған бәріміз ат салысуымыз керек. Сонда бізде қазақы ғылым тілі де, өзге салаға қажетті тілімізде дамиды.

Бірақ та тілді үйрену үшін, қазақты қазақтыққа оралту үшін қазақтың әні мен күй-

інің керемет әсері бар. Димаш қазір қазақты қойып, қазақша сөйлеп, ән айтатын фанаттар клубының лидеріне айналды. Димаш шырқайтын қазақ әндерінің сөзін французшаға аударып берші», - деп өтініш жасаған еді, есіме түсіп отыр. Көрдiңiз бе, әннiң құдыретiн, әншi дауысының құдыретiн. Ән, музыка шекара белдеулерiнен асып өтiп өзiне «табынатын» қауымды қалыптастыра алады. Ал оның ар жағында сенiң өнерпаз ұлына ғана емес, халқыңа деген құрмет, сүйiспеншiлiк, махаббат оянады. Димаш жайында айтқанда шалқып шыға келдiк. Осы Димаш, Самал Ислямова сияқты талантты ұл-қызы бар қазақтың жерге қарап қалмасы белгiлi.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық болмыс-бітімімізді, қайталанбас қазақи мінез-құлқымызды, ұлттық кейпімізді сақтап қала аламыз. Ұлттың бүгiнi де, болашағы да тәрбиелi ұрпаққа байланысты. Қазiргi заман бала тәрбиесiне ерекше мән берудi қажет етедi. Себебi ұрпақ тәрбиесi – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген екен Платон. Өскелең ұрпақ бiлiм мен ұлттық тәрбие негiздерiн өзiнiң ұлттық мектебiнен алатыны сөзсiз».

Бірақ қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық. Қай заманда, қай қоғамда болса да, адамзат баласы тәлімге зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгiнi де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелердің бірі және ең маңыздысы – өркениетті, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік өрелі, терең бiлiмдi ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен

жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе.

Оқушы бойына азаматтық борыш, намыс, ар-ождан сынды елдік болмысты дарыту, рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың білім берудегі іс-әрекетіне байланысты. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлт-

тық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Еліміз ғасырлар бойы ұлан-байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлар мен қолбасшыларды, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен, би, даналарды мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау, зерттеу – баршамыздың асыл борышымыз.

РУБРИКАЛАР  
РУБРИКИ  
RUBRICS

---

**I . СҰХБАТ.ИНТЕРВЬЮ.INTERVIEW.**

**II. ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ.ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ.  
FOREIGNLANGUAGEEDUCATION.**

**III.МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЖӘНЕАУДАРМА.МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД  
INTERCULTURALCOMMUNICATIONANDTRANSLATION**

**IV.КОГНИТИВТІКЛИНГВИСТИКА.ПСИХОЛИНГВИСТИКА.ЖАҢАҚАЗАҚӘЛПБИ.  
КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА. ПСИХОЛИНГВИСТИКА. НОВЫЙ  
КАЗАХСКИЙАЛФАВИТ.  
COGNITIVE LINGUISTICS. PSYCOLINGUISTICS.QAZAQ NEWALPHABET**

**V . ЛИНГВОМӘДЕНИЕТАНУ. ЛИНГВИСТИКА  
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ. ЛИНГВИСТИКА  
LINGUA-CULTURALLINGUISTICS.LINGUISTICS**

**VI . ПСИХОЛОГИЯ. ПСИХОЛОГ КЕҢЕСПСИХОЛОГИЯ.  
УГОЛОК ПСИХОЛОГА  
PSYCOLOGY.PSYCHOLOGIST’S CORNER**

**VII . КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР  
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ  
MULTI-LINGUA LEGUCATION AND INNOVATIONS IN LEARNING LANGUAGES**

**VIII.РУХАНИЖАҢҒЫРУ:ҰЛТТЫҚТӘРБИЕ  
НАЦИОНАЛЬНОЕВОСПИТАНИЕ  
NATIONALWAYOFBRININGUP**

**IX.ТАРИХ  
ИСТОРИЯ  
HISTORY**

**Х . ПЕДАГОГИКА  
ПЕДАГОГИКА  
PEDAGOGY**

**XI. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМДАР  
ЕСТЕСТВЕННО–МАТЕМАТИЧЕСКОЕНАПРАВЛЕНИЕ  
NATURALSCIENCES**

**XII. МЕДИЦИНА  
МЕДИЦИНА  
MEDICINE**

**XIII. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ.  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕНАУКИ.  
AGRICULTURALSCIENCES**

**XIV . АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ  
INFORMATIONTECHNOLOGY**

**XV . СЫН ПІКІР.  
КРИТИКА МНЕНИЕ.  
CRITICALTHINKING.**

**XVI.ҒАЛЫМӘЙЕЛДЕРШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ  
ТВОРЧЕСТВО УЧЕНЫХ ЖЕНЦИН  
SCIENTISTWOMEN’S CREATIVITY.**

## МАҚАЛАНЫ ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

### Авторлар үшін:

- Жұмыстың мәтінін журналда жариялауға жолдау арқылы авторлар өздері туралы мәліметтің дұрыстығына, қолжазбада плагиаттың және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына, барлық мәтін сілтемелері кесте, схема және суретті сызбалар тиісінше рәсімделгеніне кепілдік береді.
- Мақаланың түпнұсқалық сипатын % (ұсынылатын процент – 60) өлшемінде анықтау үшін қолжетімді антиплагиат жүйелеріне сүйене отырып, талапқа сай рәсімделмеген мақалаларды себебін түсіндіріп жатпастан жарамсыз деп тану құқығын автор өз жауапкершілігіне алады.

### Жолданған мақалаға қойылатын талаптар.

#### Мақала:

- безендіруге қойылған талаптарға сәйкес рәсімделуі;
- бұрын жарық көрмеген болуы немесе басқа басылымдардың қарауында жатпауы;
- автордың/авторлардың тек өзіндік зерттеу нәтижелерін ғана қамтуы;
- тиісті мәселе бойынша әртүрлі елдер зерттеушілерінің ғылыми еңбектеріне шолу жасауы, индекстелетін журналдар авторларының жарияланымдарына, осы журналдың бұрынғы шығарылымдарындағы мақалаларға сілтемелер беруі.
- Автор/авторлар жүгінген әдебиеттер тізіміне тек мақалада пайдаланылған дереккөздер енгізілуі және мәтінде оларға міндетті түрде сілтемелер жасалуы тиіс.

### Редакторлар үшін:

Бас редактор және редакция алқасының мүшелері

- жарияланатын мақалалардың сапалық құрамына ерекше көңіл бөлуі;
- мақалаға жауапты болып бекітілген жағдайда, рецензенттің/сарапшының пікірімен келісетіндігі (немесе келіспейтіндігі) жайында негізді шешімін ортаға салуы;
- редакция алқасының отырыстарына қатысуы, журнал мазмұнын анықтайтын шешім қабылдауда өз ұстанымын білдіруі;
- техникалық талаптарға сәйкестікке қатысты бастапқы іріктеуден өткен мақалаға редакция алқасы құрамынан жауапты адамды және редакция алқасы құрамына кірмейтін (тиісті сала бойынша ғалым немесе маман) екі рецензентті тағайындауы;
- шешім қабылдауда тек ғылыми мүддені алға қоюы және мақаланың баспа стандарттарына сәйкестігін басшылыққа алуы тиіс.

## МАҚАЛАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯЛАУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ТАЛАПТАР

### 1. Мақала атауы (титул парағы).

Қысқа, бірақ дәл. Мақаланың негізгі мәселесін анықтайды;

### 2. Тірек сөздер (кілт сөздер) - 8-12 сөз;

### 3. Аннотация (Abstract) - 1 абзац 50-200 сөз.

Аннотацияда сілтемелер мен қысқартулар болмауы тиіс; Алғы сөз – 1,5-2 бет.

Мәселенің мәнін анықтайды, зерттеу мақсатын көрсетеді, зерттеудің маңыздылығын негіздейді;

**4. Әдебиетке шолу.** 15 дереккөз. Пайдаланған әдебиеттерді талдау, негізгі идеяларды, бағыттарды тұжырымдау, зерттеудің теориялық негіздерін анықтау үшін материалды пайдалану. Автор өзінің ғылыми мақаласы аясында өз көзқарасын негіздеу мақсатында қолданған және нәтижесінде осы ғылыми мақалада келтірілген мәселелердің қазіргі заманғы көзқарастары және осы тақырып бойынша жұмыста анықталған қиындықтар туралы еңбектер тізімі көрсетіледі.

**5. Әдістері – 2-4 бет.**

Бұл бөліктің мақсаты – қолданылатын әдістердің сенімділігі мен олардың нәтижелерге әсерін бағалау. Зерттеу жүргізудің жоспары мен жүйелілігі, эксперименттер хаттамалары, пайдаланылатын материалдар, объектілер, жабдықтар, дайын статистикалық деректер, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б., сондай-ақ алынған нәтижелерді бағалау әдістемесі келтіріледі.

**6. Нәтижелер мен талқылау. Шамамен 5-7 бет.**

Зерттеу нәтижелері оларды түсіндірместен нақты логикалық дәйектілікпен ұсынылған. Дәл осы жерде кестелер, суреттер мен графиктер жиі қолданылады (бірақ көшірме емес). Талқылау зерттеу нәтижелерін және онымен байланысты басқа материалдарды түсіндіруге бағытталуы керек. Жаңа және маңызды бақылауларға назар аударыңыз. Зерттеу мақсаттары үшін байқалған пікірдің маңыздылығын түсіндіріңіз;

**7. Қорытынды.**

Сіздің жұмысыңыз тақырыптың қазіргі жағдайын қалай жақсартады/кеңейтеді;

Қойылған мақсатқа қатысты нәтижелердің / қорытындылардың негізгі мәні неде;

Цифрлар (Цифры). 5-8; Кестелер (Кестелер). 1 - 3;

Ұсынымдар. 20 жұмыс, олардың кемінде 30% - ы шетелдік болуы керек және мақаладағы нақты ескертулермен сәйкес келуі керек; әдебиеттер тізімінде электронды көздерге сілтемелердің болуы

**8. Жалпы көлемі. 8-12 бет (негізгі материалды қосқанда шамамен 5000 сөз);**

Мәтінде сілтеме жасалынуы кереу. Барлық пайдаланылған дереккөздер мәтінде әдебиеттер тізіміндегі дереккөзге сәйкес келетін нөмірмен белгіленуі керек. Барлық деректер нақты болуы керек және мәтіндегі дәйексөзге сәйкес келуі керек.

Суреттер, суреттер, диаграммалар мен кестелер жеке файл түрінде берілуі керек.

## ЭТИКА ПУБЛИКАЦИИ СТАТЕЙ

### АВТОРЫ:

- несут ответственность за соблюдение научной и исследовательской этики по предоставленному материалу (за текст опубликованной в журнале статьи, плагиат, за использование чужого материала, за последовательность и размещение схем, рисунков, диаграмм);
- за отклоненные без объяснения причины статьи, которые не были оформлены должным образом, а также за статьи, не прошедшие проверку на оригинальность посредством доступных систем антиплагиата (рекомендуемый процент - 60%).

### Обязательные требования, предъявляемые к статьям, отправленным для публикации:

#### Статья, предоставленная для публикации:

- должна быть оформлена в соответствии с предъявляемыми требованиями;
- не должна быть издана ранее и находиться в печати в других источниках;
- должна содержать только результаты собственного исследования, обзор научных трудов исследователей из разных стран по заданной теме, а также ссылки на статьи данного журнала прошлых изданий;
- все использованные источники должны быть реальными и совпадать с цитированием в тексте, а также помечены в тексте с указанием номера, соответствующего источника в списке литературы.

### РЕДАКТОРЫ:

Главный редактор и члены редколлегии:

- уделяют особое внимание качеству содержания публикуемой статьи;
- принимают решение о согласии (или несогласии) с решением рецензента статьи о её публикации;
- участвуют в работе заседаний членов редколлегии;
- готовят двух рецензентов из числа членов редакционной коллегии, а также со стороны – специалиста данной отрасли науки – после первой экспертизы на соответствие публикуемой статьи техническим аспектам;
- руководствуются при принятии решения научным значением и соответствием статьи стандарту издания.

### ОБЯЗАТЕЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ СООТВЕТСТВИЯ СТАТЬИ МЕЖДУНАРОДНЫМ НОРМАМ ПУБЛИКАЦИИ

#### 1. Название статьи.

Краткое, но точное. Определяет основную проблему статьи.

#### 2. Ключевые слова. 8 – 12 слов.

#### 3. Аннотация. 1 параграф 50 – 200 слов.

Аннотация не должна содержать ссылки и аббревиатуры.

Введение – 1,5 – 2 страницы. Определяет суть проблемы, указывает цель исследования, обосновывает важность исследования.

4. Обзор литературы. 15 источников. Анализ использованной литературы, формулировка основных идей, тенденций, использование материала для обоснования теоретической базы

исследования. Перечень работ, которые были привлечены Автором для того, чтобы развить и обосновать свою аргументацию в рамках своей научной статьи, и которые, как следствие, цитируются в этой научной статье, современные взгляды на проблему и выявленные трудности при работе над данной темой.

**5. Методы. 2– 4 страницы.**

Цель данной части – провести оценку надёжности используемых методов и их влияние на результаты. Приводятся план и последовательность процесса исследований, протоколы эксперимента, используемые материалы, предметы, оборудование, готовые статистические данные, программное обеспечение и т.д., а также методика оценки результатов.

**6. Результаты и обсуждения. Около 5-7 страниц.**

Результаты исследования в чёткой логической последовательности, без их интерпретаций. Именно здесь чаще всего используются таблицы, рисунки и графики (но не дублирующиеся). Осуждение должно быть сфокусировано на интерпретации результатов исследования и других связанных с ним материалов. Подчеркните новые и важные наблюдения. Объясните значение наблюдаемого мнения для цели исследования.

**7. Выводы.**

Как ваша работа улучшает /расширяет текущее положение темы.

Каков основной смысл результатов/выводов относительно поставленной цели.

Цифры. 5-8;

Таблицы. 1 - 3;

**8. Ссылки.** 20 работ, как минимум 30% из них должны быть иностранными и совпадать с реальными сносками в статье; наличие ссылок для электронных источников в списке литературы.

**9. Общий объём.** 8-12 страниц (около 5 000 слов включая основной материал);

Цитирование источников в тексте. Все использованные источники должны быть помечены в тексте с указанием номера, соответствующего источника в списке литературы. Все источники должны быть реальными и совпадать с цитированием в тексте.

Изображения, рисунки, диаграммы и таблицы должны быть представлены отдельным файлом в хорошем качестве.

## THE ETHICS OF PUBLISHING AUTHOR'S ARTICLES:

- - are responsible for compliance with scientific and research ethics on the submitted material (for the text of the article published in the journal, for plagiarism, for the use of someone else's material, for the sequence and placement of diagrams, drawings, diagrams);
- - for articles rejected without explanation, which have not been properly formatted, as well as for articles that have not been checked for originality using the available anti-plagiarism systems (the recommended percentage is 60%).

### Mandatory requirements for articles sent for publication:

#### Article sent for publication:

- must be designed in accordance with the requirements;
- should not be published earlier and be in print in other sources;
- should contain only the results of their own research, a review of scientific works of researchers from different countries on a given topic, as well as references to the articles of this journal of previous issues;
- all the sources used must be real and coincide with the citations in the text, as well as marked in the text by the number of the corresponding source in the list of literature.

#### EDITORS:

Editor-in-chief and members of the editorial board:

- - pay special attention to the quality of the content of the published article;
- - decide whether or not to agree or disagree with the reviewer's decision to publish the article;
- - participate in the meetings of the editorial board members;
- - prepare two reviewers from among the members of the editorial board or from the outside - an expert in the given field of science - after the first examination on the compliance of the published article with technical aspects;
- - are guided in making a decision by the scientific significance and compliance of the article with the publication standard.

## MANDATORY REQUIREMENTS FOR THE COMPLIANCE OF THE ARTICLE WITH INTERNATIONAL PUBLICATION STANDARDS

### 1. The title of the article:

Brief but accurate. Identifies the main problem of the article. 2. Keywords: 8 - 12 words.

### 3. Abstract: 1 paragraph 50 - 200 words.

The abstract should not contain references and abbreviations.

**4. Introduction - 1.5 - 2 pages.** Defines the essence of the problem, indicates the purpose of the study, justifies the importance of the research.

**5. Literature review.** 15 sources. Analysis of the literature used, formulating the main ideas, trends, using material to justify the theoretical basis of the study. The list of works, which were involved by the Author to develop and justify his argumentation within his research article, and which, as a consequence, are cited in this research article, the current views on the problem and the identified difficulties in working on this topic.

**6. Methods.** 2- 4 pages. The purpose of this part is to evaluate the reliability of the methods used and their impact on the results. The plan and sequence of the research process, experimental

protocols, materials used, subjects, equipment, ready-made statistics, software, etc., and the methodology for evaluating the results are given.

**7. Results and discussion.** About 5-7 pages. The results of the study in a clear logical sequence, without their interpretations. This is where tables, figures and graphs are most often used (but not duplicated). Condemnation should focus on the interpretation of the study results and other related material. Emphasize new and important observations. Explain the significance of the observed opinion to the purpose of the study.

**8. Conclusions.** How does your work improve/expand the current state of the topic. What is the main point of the results/conclusions in relation to the goal set. Figures. 5-8; Tables. 1 - 3;

**9. References.** 20 papers, at least 30% of them must be foreign and match the actual footnotes in the article; have references for electronic sources in the list of references.

**10. Total length.** 8-12 pages (about 5,000 words including main material); Citation of sources in the text. All sources used must be marked in the text with the number of the corresponding source in the reference list. All sources must be real and match the citations in the text. Pictures, figures, diagrams and tables must be presented as a separate file in good quality

